

Кенжеқанова Қ.К.
**Саяси дискурс мәселелері:
саяси коммуникация және
саяси дискурс**

Мақалада саяси коммуникация, саяси дискурс мәселелеріне түсінік беріліп, олардың анықтамалары ашылады. Саяси коммуникацияның қатысушылары саяси партиялар мен институттардың өкілдері болып табылады. Сондықтан саяси қарым-қатынас үнемі идеологиялық сипатта болады. Ал саяси дискурстың қатысушылары адресант пен адресат. Саяси дискурстың өзі институционалды дискурс ретінде оған белгілі бір интенция, коммуниканттардың статустық-рөлдік ерекшелігі, өзгергіштігі тән. Саяси дискурс билік үшін күрестегі құрал ретінде қолданылады. Саясат тілінің сегіз бірдей қызметі талқыланды. Саяси оқиғалардың бақылаушысы болып табылатын адресат (халық) саяси коммуникацияның ерекшелігін айқындайды. Саяси коммуникация мен саяси дискурста бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі де айрықша. Саяси дискурстың негізгі ерекшеліктері оның бағалаушылық және агрессивтік қасиетімен, мақсатымен және өзіндік аргументациясымен анықталды. Саяси дискурс қоғамдағы идеологиялық парадигмалармен өзара байланысты болуымен, сонымен қатар қоғамдық санаға жаңа құндылықтарды таратуымен ерекшеленеді.

Түйін сөздер: саяси коммуникация, саяси дискурс, адресант, адресат, идеология.

Kenzhekanova K.K.
**Issues of Political Discourse:
Political Communication and
Political Discourse**

The article deals with the issues of political communication and political discourse and their definitions are given as well. Participants of political communication are representatives of political party and institutes. Thus, the political relations always bear ideological character, and whereas participants of a political discourse are the addressee and the addresser. Intension, status and role features of communicants and variability are common to political discourse that is a type of an institutional discourse. The political discourse is used as the instrument of fight for power. And also eight functions of language of politics were considered. The addressee (nation) who is the observer of political events defines specifics of political communication. The role of mass media in political communication and political discourse is very important as well. The main features of political discourse are evaluation and aggression, aim and argumentation. The political discourse differs in coherence with a paradigm of ideology and distribution of new values to public consciousness.

Key words: political communication, political discourse, addresser, addressee, ideology.

Кенжеқанова К.К.
**Вопросы политического
дискурса: политическая
коммуникация и политический
дискурс**

В статье рассматриваются вопросы политической коммуникации и политического дискурса, а также даны их определения. Участниками политической коммуникации являются представители политических партий и институтов. Таким образом, политические отношения всегда несут идеологический характер, а участниками политического дискурса являются адресат и адресант. Политическому дискурсу, как виду институционального дискурса, присуще интенция, статусно-ролевые особенности коммуникантов и изменчивость. Политический дискурс используется в качестве инструмента борьбы за власть. А также были рассмотрены восемь функций языка политики. Адресат (народ) являющийся наблюдателем политических событий определяет специфику политической коммуникации. Важна и роль средств массовой информации в политической коммуникации и политическом дискурсе. Основные особенности политического дискурса: оценочность и агрессия, цель и аргументация. Политический дискурс отличается взаимосвязанностью с парадигмой идеологии и распространением новых ценностей в общественное сознание.

Ключевые слова: политическая коммуникация, политический дискурс, адресант, адресат, идеология.

**САЯСИ ДИСКУРС
МӘСЕЛЕЛЕРІ: САЯСИ
КОММУНИКАЦИЯ
ЖӘНЕ
САЯСИ ДИСКУРС**

Қазіргі таңда саяси коммуникацияның рөлі мен маңызының ерекше болуы халық пен билік арасындағы көптеген саяси мәселелерді дұрыс түсінуге, адекватты түрде интерпретациялауға жетелейді. Ал саясаткердің ерекшелігі оның сөзінің дискурстық сипаттылығында, саясат тек сөз (речь) арқылы интерпретацияланады. Саясаткер бұқара жұрттың өзінің сөзі арқылы басқара да алады, манипуляция да жасай алады, үгіт-насихат та жүргізеді, ақпаратты өз арнасына қолайлы етіп қалың бұқара алдында жеткізе де алады. Сондықтан кез келген сөз саяси коммуникацияға қатысушыларға белгілі бір деңгейде әсер ету қасиетімен ерекшеленеді.

Саяси коммуникация – саяси әрекетке қатысушылар арасындағы қарым-қатынас; саяси партиялар мен әрекеттердің өзара қарым-қатынасындағы күрделі және көпәспектiлi үдеріс. Коммуникация термині communico деген латын сөзінен шығып, қарым-қатынаста боламын, сөйлесім деген мағыналарды үстейді. Қазіргі лингвист мамандар коммуникацияны ақпаратты кодтау, тасымалдау және қабылдау бойынша біріккен іс-әрекет деп біледі. Коммуникация барысына екі бірдей тарап қатысады: бірі адресант (жазушы не айтушы), бірі адресат (тыңдаушы не оқырман). Саяси маңызы бар ақпаратты жеткізудің вербалды түрімен қатар, бейвербалды (бейне, символ, қимыл ишара түрлері) түрі де болады [1, 31-32].

А.А. Иманбаева өзінің «Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары» атты кандидаттық диссертациясында «саяси коммуникация – кез келген саяси институттың өмір сүруі үшін қажетті шарт, ол билік үшін күрес жолында және билік қызметтерін іске асыруға аса қажетті жағдай. Саяси коммуникация ...саяси өзара байланыстың барлық деңгейіндегі индивидтер мен топтар арасындағы өзара ақпарат алмасуда жүретін үздіксіз процесс» деп анықтайды [2, 27].

Саяси коммуникацияны зерттеудің алты түрлі бағыты бар:

- құрылымдық бағыт кибернетикамен байланыста болады: қарым-қатынас әлеуметтік бақылау ұғымымен байланыстырылады;
- лингвистикалық бағыт бойынша саяси элитаның қызметі әлеуметтік бақылаудың амалы ретінде ерекше бір тіл арқылы жүзеге асады;

- символдық бағыт саясатты символдарды құру үдерісі, оларды тарату және манипуляциялау ретінде қарастырады;

- функционалдық бағыт коммуникацияның тұрақтылығы мен әлеуметтану сияқты қызметтеріне (саяси жүйенің нормасына әлеуметтік тұрғыдан үйрену) баса назар аудара отырып, саяси құрылым үшін қарым-қатынастың маңыздылығына тоқталады;

- ұйымдастырушылық бағыт тұрғысынан өкіметаралық ақпараттық ағым және осы ақпарат ағымдарын шектейтін себептері қарастырылады. Үкімет үлкен бір мекеме ретінде қарастырылады. Оған да барлық мекемелер сияқты түрлі мәселелер мен шектеуліктер тән;

- экологиялық бағыт саяси жүйенің саяси коммуникацияға тигізіп отырған әсерін талдайды. Мемлекет белгілі бір әлеуметтік институттар құрып, қоғамдағы қарым-қатынас (белгілі бір тілдік саясат) үдерісін реттейді [3, 200].

Саяси коммуникацияның қатысушылары саяси партиялар мен институттардың өкілдері болып табылады. Сондықтан саяси қарым-қатынас үнемі идеологиялық сипатта болады. Идеология топ өкілдерінің құндылықтары мен сенімін көрсетеді. Ол саяси дискурсқа қатысушылардың ментальдық дүниесіне әсер етіп, коммуникативтік әрекетін басқара алу мүмкіндігіне ие бола алады.

Саяси коммуникацияның ерекшелігі – оның бұқара адресатқа бағытталуы, сондықтан саясат – адамдардың күнделікті күйбең тіршілік жөніндегі қарым-қатынасының тақырыбы. Осындай қарым-қатынас кезінде адамдардың белгілі бір оқиға, саяси партиясы, саяси көшбасшы, саяси жағдай туралы ой-пікірлері қалыптасып, кімге дауыс беру керектігі жайлы шешімдері беки түседі. Мұндай қарым-қатынас саяси дискурста көрініс тауып отырады. Мұндай жағдайда саяси дискурс күнделікті дискурс тілімен жақындайды. «Сөйлесімнің саяси рөлі лингвистикалыққа қарағанда маңызды емес. Сөйлесімнің әрекет етуі мен әлеуметтік көзқарасты өзгерту арасында тығыз байланыс бар. Ал егер әлеуметтік көзқарас құбылмалы, өзгермелі болып бір деңгейден екінші бір деңгейге өзгеріп отырса, ол жердегі сөйлесім жиі, тәуелсіз болып келеді деген сөз» [4, 347]

Б.А. Ахатованың пікірі бойынша, коммуникацияның саяси мәнін анықтайтын негізгі фактор ол оның мазмұны мен мақсаты: «борьба за власть и рассмотрение вопросов, связанных с социальным контролем, с распределением природных и материальных ресурсов, исполнительной и законодательной властью» [5,

67]. Коммуникацияның саяси мазмұнын оның мақсаты мен интенциясы анықтайды екен.

А.П. Чудинов саяси коммуникацияны кең көлемде қарастырады. Зерттеушінің пікірінше, саяси коммуникация жүзеге асыратын арнайы элементтер тізбегінен тұратын кең көлемдегі саяси коммуникативті үдерісті білдіреді: саяси тіл, саяси мәтін, контекст, саяси сөз (речь), саяси тілдің стилі, коммуникацияның саяси саласы мен оның түрлері саяси сөздің жанрлары, саяси дискурс [1, 31-41]. Сонымен, А.П. Чудиновтың пайымдауы бойынша саяси дискурс саяси коммуникацияны жүзеге асырудың түрлерінің бірі болып табылады.

Зерттеуші Б.А. Ахатова саяси дискурсты саяси әрекеттің вербалданған жиынтығы ретіндегі институционалды дискурс (белгілі бір әлеуметтік топ өкілдерінің қарым-қатынасы) ретінде қарастырады. Саяси дискурс саяси құралдар арқылы жасалған саяси активтілік болып табылады дейді [6, 28]. Саяси дискурсқа белгілі бір интенция, коммуникаттардың статустық-рөлдік ерекшелігі, өзгергіштігі тән. Сондықтан саяси дискурстың мазмұны сөзді қабылдауға әсер ететін сөйлеуші мен тыңдаушы (жазушы мен оқырман) санасында бар компоненттерден тұруы қажет. Бұл компоненттер құрамына мәтін мазмұны автор мен адресат тарапынан ескерілетін басқа да мәтіндер, автордың саяси көзқарасы мен мәтінді құрау кезіндегі міндеттері, автордың адресат туралы ойы, сол мәтін құралған кездегі саяси жағдаят кіреді [1, 41].

Саяси дискурстың негізгі ерекшеліктері келесідей:

1) Бағалаушылық және агрессивтік қасиет тән. Саяси дискурстың агрессивтігі оның полемиялы болуында, яғни ол сөз қолданыста көрініс тауып, әскери әрекетті театрланған түрде жеткізе білумен сипатталады. Саяси дискурстың полимиялығы ол өзінше бір театрланған агрессия болып табылады. Оның мақсаты саяси қарсыластар туралы жаман пікір насихаттау, мүлдем басқа бағалау құндылықтарын мәжбүрлеп үгіттеу.

Саясат дискурстың бағалаушылық қасиеті ой жеткізудің (высказывание) іс-әрекет констатациясы, сұрақ түріндегі жасырын айту, белгілі бір шешімге әсер ететін үндеу, көмек беру түрінде көрініс табуы мүмкін.

2) Саяси дискурстың тиімділігі оның мақсатымен анықталды. Саяси дискурстың мақсаты сипаттау емес, адресаттың ниетін тудыра отырып сендіру, сендіру үшін негіз бере отырып іс-әрекетке итермелеу. Адресаттың тұжырымдарын тиімді бағытқа өзгерту қорғалатын

тұжырымдарды дискурста қолайлы жерге орналастыру арқылы сөзді дұрыс құрай білу керек. Адресат тарапынан біреудің ой-тұжырымын өз ниетімен қабылдау туралы сезім туған жағдайда, қызығушылық танытқан кезде, қанағаттандырылған және сенімді болған кезде ғана сөйлеуші-шешен тарапынан тиімді үгіт-насихат жүргізілді деп айта аламыз.

3) Саяси дискурста көзқарасты қорғай білу, яғни аргументация. Саяси дискурс тиімді болу үшін белгілі бір әскери талаптарға сай құрылуы тиіс. Саяси дискурс соғыс алаңындағыдай қарсыластың «соғыс күшін» жоюға бағытталған, яғни қаруын (аргументтері мен ойларын) және жеке құрамын (оппонент тұлғасын дискредитациялау) [7, 35-43].

Саяси дискурс билік үшін күрестегі құрал ретінде қолданылады. Саяси коммуникацияның арқасында ешқандай физикалық күшсіз компромисс мүмкін болып отыр, яғни үгіттеу логикасы басымдық танытып отыр. Алайда, саяси дискурста өзім/өзге оппозициясы көрініс тауады. Ал мұның өзі қоғамдағы қарама-қайшылықты көрсетеді. Орыс зерттеушісі Е.И. Шейгал саясат тілінің сегіз түрлі қызметін келесідей анықтайды:

- әлеуметтік бақылау (индивидтердің сезімін, ниетін, ойы және тәртібін унификациялау, яғни әлеуметтік көзқарасты манипуляциялау);
- билікті легитимизациялау (билікті және қоғамдық ресурстарды ұйымдастыру туралы шешімдерді түсіндіру және ақтау);
- билікті жаңғырту (құрылымға бағынушылықты символдарды ритуалды қолдану арқылу күшейту);
- бейімдеу (қоғам санасында мақсат пен міндетті анықтау арқылы саяси шындық бейнесін құру);

- әлеуметтік ынтымақтастық (барлық қоғам аясында не жеке әлеуметтік топтар арасында интеграциялауды жүргізу);

- әлеуметтік дифференциация (әлеуметтік топтарды мойындамау) [8, 49].

Адресат (халық) саяси оқиғалардың бақылаушысы болуы саяси коммуникацияның ерекшелігін айқындайды. «Адамдар қоғамдық өмірге қатысу формасымен деңгейін өздігінен таңдайды. Олар біресе парламенттік дебаттарды, біресе коммерциялық сериалдарды, бірде сайыстар мен викториналық телебағдарламаларды бірінен кейін бірін оңай ауыстыра береді. Сондықтан адамдар саясат пен оның кейіпкерлеріне тым салмақты түрде қарамайды. Олар үшін саясат бұқара қолданушыға жетімді футбол не лотерея сияқты ойын сауықтың қатарында тұратын әлеуметтік ойынның бір түрі ғана» [9, 32].

Сонымен, бұқаралық ақпарат құралдары саяси коммуникацияны жеткізуші құрал ретінде маңызды саяси оқиғаларды бақылаушы болып табылатын халыққа жеткізуші жаршы болып есептеледі. Сонымен, саяси дискурс туралы зерттеушілер ойымен толықтай келісе отырып, саяси дискурсты интерпретациялағанда тек қана тілдік ерекшеліктермен ғана шектелмеу керек екенін, олай болмаған жағдайда саяси дискурстың мәні мен мағынасы ашылмай қалатынына баса назар аударғымыз келеді. Осы орайда «понимание политического дискурса предполагает знание фона, ожиданий автора и аудитории, скрытых мотивов, сюжетных схем и излюбленных логических переходов, бытующих в конкретную эпоху» [7, 43]. Коммуникацияның саяси сипатын анықтайтын негізгі фактор оның мақсаты мен мазмұны болып есептеледі.

Әдебиеттер

- 1 Чудинов А.П. Политическая лингвистика: учебное пособие. – М.: Флинта, Наука, 2007. – 256 с.
- 2 Иманбаева А.А. Қазақстан Республикасындағы саяси коммуникация: ерекшеліктері мен проблемалары. Саяси ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2010. – 153 б.
- 3 Meadow R.G. Politics as Communication. – Norwood (New Jersey): Ablex Publ.Co., 1980. – 269 p.
- 4 Тард Г. Мнение и толпа // Психологи толп. – М.: Институт психологии РАН, Издательство «КПС+», 1998. – С. 257-408.
- 5 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 300 с.
- 6 Ахатова Б.А. Проблемы словесного оскорбления личности в современной политической сфере // Вестник КазУМОиМЯ, Серия «Филология». – 2006. – № 1 (6). – С. 27-30.
- 7 Демьянков В.З. Политический дискурс как предмет политологической филологии // Политическая наука. Политический дискурс: История и современные исследования. – 2002. – № 3. – С. 32-43
- 8 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса. Дисс. Док.филол. наук. – Волгоград, 2000. – 432 с.
- 9 Захаров А.В. Народные образы власти // Полис. – 1998. – №1. – С. 23-35.

References

- 1 Chudinov A.P. Politicheskaya lingvistika: uchebnoe posobie. – M.: Flinta, Nauka, 2007. – 256 s.
- 2 Imanbayeva A.A. Kazazkstan Respublikasındagı sayasi kommunikaciya: erekshelekteri men problemaları. Sayasi gıl. kand. diss. – Almaty, 2010. – 153 b.
- 3 Meadow R.G. Politics as Communication. – Norwood (New Jersey): Ablex Publ.Co., 1980. – 269 p.
- 4 Tard G. Mnenie i tolpa // Psixologi tolp. – M.: Institut psixologii RAN, Izdatelstvo «KPS+», 1998. – S. 257-408.
- 5 Akhatova B.A. Politicheskij diskurs i yazikovoe soznanie. – Almaty: Ekonomika, 2006. – 300 s.
- 6 Akhatova B.A. Problemy slovestnogo oskorbleniya lichnosti v sovremennoy politicheskoy sfere // Vestnik KazUMOiMYa, Seriya «Filologiya». – 2006. – № 1 (6). – S. 27-30.
- 7 Demyankov V.Z. Politicheskij diskurs kak predmet politologicheskoy filologii // Politicheskaya nauka. Politicheskij diskurs: Istoriya i sovremennye issledovaniya. – 2002. – № 3. – S. 32-43
- 8 Sheygal E.I. Semiotika politicheskogo diskursa. Diss. Dok.filol. nauk. – Volgograd, 2000. – 432 s.
- 9 Zakharov A.V. Narodnie obrazi vlasti // Polis. – 1998. - №1. – S. 23-35.